

Сыныптан тыс сабақ

Тақырыбы:

«Мұқағали –мәңгілік ғұмыр»

Дайындаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі :

Идирисов . А



Мұқагали – мәңгілік ғұмыр

« Жазылар естеліктер мен туралы»

М.Мақатаев

Сыныптан тыс сабактың мақсаты:

- 1.М.Мақатаевтың өмірімен, әдеби мұрасымен таныстыру.
- 2.Окушыларды М.Мақатаев өмірімен таныстыра отырып, ақын Ақын Мұқагалиды шексіз сүюге, өлең жырларының мазмұнын ашып, оларды жан-жақты ұғынуына әсер ету, адамгершілікке тәрбиелеу.
3. Окушыларды мәнерлеп окуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: М.Мақатаевтың портреті, слайдтар.

Сабак барысы: Мұқагали Мақатаевтің әні орындалып тұрады.

Жүргізуші:

Жалғанда жырды жалғыз бағы көрген,

Көзінің карасы мен ағы көрген,

Күн сәулесін бойына көп сіңіріп,

Өз отына өртеніп, жанып өлген.

Тірісінде сый көрмей қайран ақын,

Тек өлген соң атагын жайған ақын.

Ежелден қазактың бұл қасіреті

Бармағын тістеп кейін ойланатын.

Жүргізуши:

Әр жырында жатады жарқын ғалам,

Бір өлең жоқ қайығы қалтылдаған.

Төрт түяғы тайпалған жорға кілең,

Астарына тысы сай алтындаған.

Үй тұрап шумактарын қойсан қалап,

Өлеңдері шетінен жайсан гажап.

Азамат, ірі ақын бол, ұлы ақын бол

Қайта туган ұлынды қарсы ал, қазақ.

Жүргізуши: Қымбатты окушылар, Қадірлі ұстаздар мен қонактар! Откен ғасырдың ғұлама ақыны Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған сыйып сағатына қош келдіңіздер.

Жүргізуши: Куат алып Абайдың тіл күшінен,

Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

Абай болып табынам бір кісіге,

Абай болып түңілем мың кісіден, - деп жырлаган Мұқағалидың жүріп өткен өмір жолы мен өнер жолы туралы сыр шертеміз.

Жүргізуші :

Қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаев 1931 жылы акпанда Алматы облысы ,Райымбек ауданы, Қарасаз кентінде дүниеге келген. Мұқағалидың екесі Сүлеймен шаруа адамы еді. Бастауыш сыныпты Қарасаз ауылында оқиды.Орта мектепті аудан орталығы –Нарынқолдан мектеп интернатта оқып бітіреді. Он тәрт – он бес жасынан өлең жаза бастайды. 10- сыныпта оқып жүрген кезде кабырга газеттері, «Білім үшін», «Алға» газеттеріне Мұқағалидың өлеңдері бірінен соң бірі шыға бастады. 1948 жылы мектепті жақсы аяқтап, окуга баруға мүмкіндігі болмайды. Ауылдағы мектепте мұғалім болып істейді. Өлеңдері жиі жариялана бастайды.

Оқушы: **Уш бақыттым**

Жүргізуші :

Поэзия

Менімен егіз бе едін?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан тандардан сені іздедім,

Карауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім, кездескен адамдардан,

Бұлактардан, бақтардан, аландардан.

Шырактардан, оттардан, жалаулардан,

Сені ізdedім жоғалған замандардан.

Окушы: Мәмбетәлі Іңкәр Ей өмір, Елім саған ғашықпын, Таныс өлке

Ән: Таныс өлке

Жүргізуі:

Өлеңдерім жай болып атылғанда,

Атылғанда, аспаннан оқылғанда.

Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,

Жанар пайда болады сокырларға.

М. Мақатаев өзін «Мен өмірді жырау үшін келгендін» деген.

М. Мақатаев өлеңдері

Жүргізуі: Мұқағали - Абай өлеңдерін оқып, одан үйреніп, үлгі алған, ұлы Абайдың алға қойған мақсатын өз мақсатым деп білген қазақ халқының өте дарынды ақындарының бірі. Екі ақынның мақсаттары үндес келіп, сабактасып жатады. Ақындықпен айналысқан 30 жыл ішінде көзімен көргендерін, ақындық санамен түйсінгендерін казақтың қара өлең үлгісімен төгілтіп жырлай берді, жырлай берді. Туган жерге, туган елге, халқына, туган Отанына деген махабbat сезімі - ақын ретінде оның басты тақырыбы еді.

Окушы: Шыда шыда, Дос болам десен,

Окушы: Бүгін менің туылған қунім

Аудио жазбадан «Қазақстан» өлеңін тыңдау.

Жүргізуші: Ақын жүрегі нәзік, сезімтал. Кей- кейде өмірден безініп, ол өзіне сүйеніш, тірек болар адамды іздейді. Осындай бір киналған шағында ақын мұнын жас қайыңға шагады.

Оқушы: Моя любов ва мне

Оқушы: «Бақыт деген не өзі» Отан, өлеңін оқиды.

Ән: Отан

Аудио жазбадан ән тыңдау.

Жүргізуші:

Ажал, ажал! Көкірегі толы мейірімді шуак, жүрегі толы махабbat пен ырыс, арманы мен қиялына кезек мініп, өмірінің келесі кезеңіне қарай тартып бара жатқан ақынды тым ерте жолынан қайырган да сен едің! Ол қылышылдаған 45 жасында дүниеден өтті. Өлер шағын сезгендей ол жанұшыра:

«Өмір сүрсем енді бір 20-жыл,

Жиырма жыл

Шынымен қыын ба бұл?

Қыын болса, он жыл да жетіп жатыр,

Тек жүректен атылсын құйын дауыл.

Осал өмір емес қой , қырықтамын,

Кешір мені, болашақ, ұмытпагын!

Қажетіне жараса қабылдарсың

Қарапайым темірдің сынықтарын»- деп асыға армандаумен бірге құдайға шүкіршілік етеді. Ақын осы мінезімен құдіретті.

Окушы: Қымбатбек Мардан

Окушы: Наги Айаұлым

Жұргізуши: Біз, тірілер, ол туралы көрген білгенімізді айта береміз. Бірде асырып, бірде жасырып, бірде жеткізбей, бірде жеткізіп айтамыз. Мұқагали

аганың есімі аңызға айналды. Ол есімді аңызға айналдырып тұрған – жап-жарық, сәулетті де дәүлетті жырлары.

Ақынның өз үніне құлак асайық:

Жырым көп менің әлі жазылмаған,

Кенім-көп менің әлі қазылмаған.

Қалдырып болар-болмас қазынамды,

Неліктен бір күні мен жазым болам?

Куалап тіршіліктің көбелегін,

Қап койды қапелімде көп өлеңім.

Жалғызым, жаным менің –жырым менің,
Қалдырып сені артыма неге өлемін?

Жазайын, жалықпайын, жасырмайын,
Қашан қалғып кеткенше басылмайын.
Ая деп ажалға мен бас ұрмаймын,
Шоқ шайнап, от бүріккен Қасымдаймын!

Окушы: Жапырак жүрек жас қайың

Окушы: **Әке**

Жүргізуши:

Қарасаз, қара шалғын өлеңде естім,
Жыр жазсам, оған жұртый елеңдестің.
...Өлсе өлер Мұқағали Мұқатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!

Жүргізуши: Табиғаттың тебіренген, қуанган шағының перзенті –акын десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де – оның халкы. Халқы аманда ақынға өлім жоқ. Мұқағали жырдағы ерекшелігімен, тұл-тұтас дара таланттымен, ақындықтағы қыран қимылымен жыр дүниесінде біздің есімізде мәңгі сақталмақ. Біз осымен ақын құрметіне арналған сынып сагатын аяқтаймыз. Көніл қойып тыңдағандарыңызға рақмет.